

Қазақстанды тыңдай отырып


2023 жылғы қыркүйектегі әлеуметтік-экономикалық әл-ауқат туралы есеп

2023 жылдың екінші тоқсанында Ресейдің Украинаға басып кіруінің жалғасуына, бағаның жоғары деңгейіне және қатаң жағандық қаржылық жағдайларға байланысты тәуекелдердің жоғарылауына қарамастан, Қазақстан экономикасы нақты мәнде 5%-ға өсті. Жылдық инфляция деңгейі тұрақты түрде төмендеп келеді, бірақ қыркүйек айында әлі де 11,8% жоғары деңгейде тұр және бұл «Қазақстанды тыңдай отырып» сауалнамасының респонденттерін алаңдататын басты тақырып болды. Экономикалық перспективаларға қатысты оптимизм артты, экономикалық жағдайларды қоғамдық бағалау 2023 жылдың екінші жартыжылдығында жақсарды. 2023 жылдың қыркүйегінде респонденттердің еңбек нарығына деген сенімі ең жоғары көрсеткіштерге жетті және осы сәтті жұмыс іздеуге және бизнесті бастауға қолайлы деп санайтын адамдар саны артты. Сонымен қатар, үй шаруашылықтарының субъективті әл-ауқатына қатысты алаңдаушылық жыл бойы салыстырмалы түрде жоғары болды. Өткен жылмен салыстырғанда азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейі айтарлықтай төмендегенімен, өзін аз қамтылған деп санайтын үй шаруашылықтарының үлесі жоғары болып қалып отыр – 23%. Өткен аймен салыстырғанда қаржылық әл-ауқаттың нашарлағанын байқаған үй шаруашылықтарының үлесі салыстырмалы түрде аз болса да (қыркүйекте 12%), бұл 2023 жылдың мамырынан (7%) көп. Ағымдағы саяси, әлеуметтік, экономикалық реформаларды қолдау деңгейі 2023 жылғы сәуірдегі 59% қыркүйектегі 66% дейін өсті. Сауалнама кезеңінде байлық пен табыс теңсіздігінің шоғырлануына қатысты алаңдаушылық сақталып отыр және респонденттердің үлкен үлесі бұл мәселеге үнемі алаңдаушылық білдіреді.

Экономикалық жағдайлар

2023 жылдың екінші жартысында экономикалық жағдайды қоғамдық бағалау жақсарды. Респонденттердің шамамен 60% 2023 жылдың қыркүйегінде өз аймағында қолайлы экономикалық жағдайларды атап өтті. Бұл 2021 жылдың сәуір айынан бергі ең жоғары көрсеткіш. Сонымен қатар, респонденттердің шамамен төрттен үш бөлігі елдегі ұзақ мерзімді экономикалық динамикаға қатысты оптимизм білдірді. Әсіресе мектептік орта білімі бар немесе білім деңгейі одан төмен респонденттер, 45 жасқа толмаған респонденттер және табысы жоғары үй шаруашылықтарындағы респонденттер арасында экономикалық перспективалар көрсеткішінің біршама жақсаруы байқалады.





Респонденттердің еңбек нарығына деген сенімі артты. 2023 жылдың үшінші тоқсанында осы сәтті жұмыс іздеуге қолайлы деп санайтын респонденттердің пайызы сауалнама басталғаннан бері ең жоғары деңгейге жетті. Сол сияқты, осы сәтті бизнесті бастау үшін қолайлы деп санайтын респонденттердің пайызы 2021 және 2022 жылдары белгіленген деңгейден едәуір жоғары. Табыс деңгейі жоғары үй шаруашылықтары, жоғары білімі бар адамдар, ірі қалалардың тұрғындары және жас респонденттер арасында нарық перспективаларының көрсеткіштерінде айтарлықтай жақсару байқалады.

Үй шаруашылықтарының әл-ауқаты

Елдегі экономикалық жағдайдың жақсарғанына қарамастан, үй шаруашылықтарының субъективті әл-ауқатына қатысты алаңдаушылық жыл бойы салыстырмалы түрде жоғары болып қала берді. Бәлкім экономикалық жағдайдың жақсаруы адамдардың үй шаруашылығының әл-ауқаты туралы түсініктеріне әсер етуі мүмкін, бірақ кідіріспен. Респонденттердің шамамен 23% өздерінің үй шаруашылықтарын аз қамтылған болып табылады деп жауап берді. Бұл көрсеткіш өткен жыл бойы салыстырмалы түрде тұрақты болды. Субъективті кедейлік ауылдық үй шаруашылықтары (25%), орташа табысы бар үй шаруашылықтары (28%), 45 пен 64 жас аралығындағы респонденттер (30%), білім деңгейі төмен адамдар (29%) арасында жиі кездеседі. Екінші жағынан, азық-түлік қауіпсіздігінің субъективті жетіспеушілігі айтарлықтай төмендеді, 2022 жылдың тамызындағы 44% 2023 жылдың қыркүйегіндегі 32% дейін. Өткен жылмен салыстырғанда егде үй шаруашылықтары, білім деңгейі төмен респонденттер, табысы төмен үй шаруашылықтары арасында азық-түлік қауіпсіздігінің субъективті жетіспеушілігі төмендеді.



Сұрақтармен және түсініктемелермен жүгіну: Оберт Пимхидзай (opimhidzai@worldbank.org)
Метин Небилер (mnebiler@worldbank.org)

Басқа экономикалық факторлармен қатар қаржылық әл-ауқат субъективті кедейлікпен тығыз байланысты. Өздерін аз қамтылған деп санайтын респонденттердің пайызы қаржылық әл-ауқаты бір деңгейде қалған немесе жақсарған (22%) үй шаруашылықтарына қарағанда алдыңғы аймен салыстырғанда қаржылық әл-ауқатының төмендеуін (40%) атап өткен үй шаруашылықтары арасында айтарлықтай жоғары. Алдыңғы аймен салыстырғанда қаржылық әл-ауқаттың төмендеуін байқаған үй шаруашылықтарының үлесі салыстырмалы түрде төмен болғанымен (қыркүйекте 12%), ол 2023 жылдың мамырымен салыстырғанда өскен (7%). Сонымен қатар, үй шаруашылықтары өздерінің болашақ әл-ауқатына оптимистік көзқараспен қарады және тек 4 пайызы ғана келесі айда үй шаруашылығының қаржылық жағдайы нашарлайтынын айтты. Егде жастағы респонденттер, ауылдық үй шаруашылықтары және ер-респонденттер қаржылық әл-ауқаттың нашарлауының жоғары деңгейін көрсетеді.



Мемлекеттік саясат

Ағымдағы саяси, әлеуметтік, экономикалық реформаларды қолдау деңгейі 2023 жылғы сәуірдегі 59% қыркүйектегі 66% дейін өсті. Бұл көрсеткіштің өсуінде негізінен жас респонденттер (79%), ауылдық елді мекендердің тұрғындары (74%), табысы жоғары үй шаруашылықтары (69%) жетекші рөл атқарды. Мемлекеттің азаматтармен диалогқа ашықтығын қабылдау көрсеткіші сәл жақсарғанымен, 2023 жылдың сәуіріндегі ең төменгі 43% көрсеткіштен 2023 жылдың қыркүйегінде 47% дейін көтерілгенімен, ол әлі де 50% жетпей отыр.



Сауалнама кезеңінде байлық пен табыс теңсіздігінің шоғырлануына қатысты алаңдаушылық сақталып отыр және респонденттердің үлкен үлесі бұл мәселеге үнемі алаңдаушылық білдіреді. Сонымен қатар, табыс теңсіздігіне қатысты алаңдаушылық уақыт өте келе өсті және 2023 жылдың үшінші тоқсанында ең жоғары деңгейге жетті. Респонденттердің шамамен 93% табыс теңсіздігіне қатты алаңдаушылық білдірді және шамамен 89% 2023 Сұрақтармен және түсініктемелермен жүгіну: Оберт Пимхидзай (opimhidzai@worldbank.org)

Метин Небилер (mnebler@worldbank.org)

жылдың қыркүйегінде әл-ауқат теңсіздігін маңызды мәселе деп атады, бұл сауалнаманың басындағыдан шамамен 17% тармаққа өсті. 2023 жылдың алғашқы айларымен салыстырғанда үшінші тоқсанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесінде респонденттердің сенімінің шамалы өсуі байқалады.

